



Допинг-бақылау процедурасы



Regional
Anti-Doping
Organization
of
Central
Asia



RAD OCA



Спортшы туралы ақпарат

1. Тегі

2. Аты

3. Тұған күні: туылған күні, айы, жылы

4. Спорттық азаматтығы

5. Тұрғылықты мекенжайы: көшесі, үйі, қаласы, облысы, елі

6. Телефон

7. Электрондық адресі

8. Дәрігерінің аты-жөні

9. Жамтықтыруышының аты-жөні

10. Спорт дисциплинасы

DOPING CONTROL FORM FORMULAIRE DE CONTRÔLE DU DOPAGE	
1. ATHLETE NOTIFICATION - NOTIFICATION DU SPORTIF	
ATHLETE INFORMATION - INFORMATION CONCERNANT LE SPORTIF	
3. INFORMATION FOR ANALYSIS - INFORMATIONS CONCERNANT L'ANALYSE	
4. CONFIRMATION OF PROCEDURE FOR URINE AND/OR BLOOD TESTING - CONFIRMATION DE LA PROCÉDURE POUR LE CONTRÔLE D'URINE ET/OU DE SANG	

Спортшыны жарыс кезінде хабарландыру

1. Сәлеметсіз бе, Сіз допинг-бақылау процедурасынан өту үшін таңдалдыңыз.
2. Мен сізді допинг-бақылау пунктіне дейін жеткіземін. Үнемі мениң көз алдыымда болуыңызды сұраймын.
3. Сіз кәмелетке толғансыз ба?
4. Егер сіз кәмелетке толмаған болсаңыз, допинг-бақылаудан өту кезінде жаңыңызда өзініздің өкіліңіз болуы қажет.
5. Допинг-бақылау процедурасынан өту кезіндегі өзініздің құқықтарыңызben және міндеттеріңізben танысуыңызды сұраймын.
6. Егер өз міндеттеріңізді орында масаңыз, сізге допингке қарсы ережелерге сай санкциялар тағайындалуы мүмкін.
7. Сұрақтарыңыз бар ма?
8. Допинг-бақылау хаттамасына қол қою арқылы Сіз осы хабарламаны алып, онымен оқып танысқаныңызды, сондай-ақ өзініздің допинг-бақылау процедурасынан өту кезіндегі құқықтарыңызben және міндеттеріңізben танысқаныңызды растайсыз және талап етілгендей, сынама беруге келісесіз.

Спортшының құқықтары мен міндеттері

Спортшы ретінде Сіз төменде атаптандарға құқылышыз:

- ↪ өкілініздің қатысуына және, қажет болса, аудармашының қатысуына;
- ↪ допинг-бақылауға арналған сынаманы алу процедурасы нақатысты қосымша ақпарат алуға;
- ↪ Допинг-бақылау инспекторының келісімі бойынша негізді себеп пен допинг-бақылау пунктіне бару уақытын кейінге қалдыруды сұрауға; бірақ бұлуақытта допинг-бақылау қызметкері Сізге ілесіп жүруі тиіс;
- ↪ мүмкін дігішектеулі спортшылар үшін сынама алу процедурасының жетілдірілуін сұрауға.

Спортшы ретінде Сіз төменде атаптандарды орындауға міндеттісіз:

- ↪ бүкіл допинг-бақылау процедурасы барысында допинг-бақылау қызметкерінің көзалдында болуға (хабарлама жасалған сәттен бастап допинг-бақылауға арналған сынаманы алу аяқталғанша);
- ↪ өзініздің суретіңіз бар жеке басыңызды куәландыратын тиісті құжатты ұсынуға;
- ↪ сынама алу процедурасының барлық ережелерін орындауға – оларды орындамаушылық немесе сынама беруден бастарту допингке қарсы ережелерді бұзуға апарып соғады;
- ↪ сізге негізді себеппен кейін келуге рұқсат берілген жағдайларды қоспағанда, сынама тапсыру үшін дереу допинг-бақылау пунктіне баруға.



Спортшыға арналған ақпарат

Сынама тапсыру алдында тамақ жеуді немесе сұйықтық ішуді үйғарсаңыз, Сіз оны өз тәуекелізге орындаіссыз. Кез келген жағдайда, Сіз сұйықтықты мөлшерінен артық ішуден сақтанауга туіссіз, бұл несеп сынамасының сұйылуына және несептің тығыздығының қажетті нормадан төмен түсүіне апарып соғады.


Сіздің допинг-бақылауға тапсыратын сынамаңыз допинг-бақылаудан өту туралы хабарлан-дырудан кейінгі несептің алғашқы сынамасы болуы тиіс. Сынама тапсырғанға дейін душқа немесе дәретханага баруға қатаң тыйым салынады.

Сіз келесі жағдайларда допинг-бақылау пунктіне баруды кейінге қалдыруға рұқсат ала аласыз:

- ↪ марапаттаурәсіміне қатысқанда;
- ↪ баспасөз конференциясына қатысқанда, сұхбат бергенде;
- ↪ жарысқа өрі қарай қатысатын жағдайда;
- ↪ ауыржаттығудан кейін көріліп-созылууды орындаған кезде;
- ↪ қажетті медициналық жәрдем алғып жатқан жағдайда;
- ↪ өкіл және/немесе аудармашы іздеген жағдайда;
- ↪ жеке басыңызды күеландыратын құжатты іздеген жағдайда;
- ↪ допинг-бақылау инспекторы негізді депсанаған өзге жағдайларда;
- ↪ жаттығуды аяқтағанда (жарыстан тыстыстылеу жүргізілген жағдайда).

Допинг-бақылауға арналған сынама тапсыру процедурасы

- Сынама тапсыруға дайын болсаңыз, сынама алуға арналған ыдысты таңдаңыз. Оның орамының бүтіндігін және тазалығын тексеріңіз.
- Сынама алуудың тікелей алдында қолыңызды сабынсыз мүқият жуып, құрғатып алыңыз.
- Ыдыс салынған орамды ашып, орамнан ыдыстығанашығарыңыз, оның ішкі қабырғаларына қолыңызды тигізбеніз. Қақпағын орамның ішінде қалдырыңыз.
- Сіз кемінде 90 мл несеп тапсыруыңыз қажет.





❖ Допинг-бақылау қызметкеріне несеп шығару барысын тікелей бақылауға мүмкіндік беру үшін, дөненіздің белінен бастап сандарының ортасына дейінгі беллігін ашып, жеңінізді шынтаққа дейін түріп қою қажет.

❖ Допинг-бақылау қызметінің сынама алудың күесі болатын қызметкерінің жынысы Сізбен бірдей болуы тиіс.


❖ Сынаманы тапсырғаннан кейін ыдысты қақпағымен жауып қою қажет.

❖ Несеп сынамасы құйылған ыдыс үнемі Сіздің көз алдыңызда және допинг-бақылау қызметкерінің көз алдында болуы тиіс.





- ☞ А және В таңбаларымен таңбаланған құтылары бар сынама алу жабдықтары жиынтығы, (контейнер) таңдаңыз.
- ☞ Орамының бүтіндігін тексеріп алып, қорапты ашыңыз.





❖ Қораптың ішіндеғі заттардың барлығын шығарыңыз. А және В құтыларына және қораптың өзіне бірдей нөмір жазылғанына, құтылардың жабық түрғанына және оларда бөгде заттар мен сұйықтықтар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

❖ Құтыларды қызыл және көк бауларынан тартып ашып, қақпақтарын алыңыз. Қызыл пластик шығыршықтарын алып тастаңыз.





❖ Сынаманың 30 мл-ін алдымен В құтысына, сосын кемінде 60 мл-ін А құтысына құйыңыз. Допинг-бақылау инспекторынан есептің салыстырмалы тығыздығын тексеруге мүмкіндік беру үшін, ыдыста аз ғана мәлшерде несеп қалдырыңыз.

❖ Екі құтының қақпақтарын сыртылдағанша бұрап, жабыңыз. Құтылардың тығыз жабылғанын тексеріңіз (оларды төңкеріп). Допинг-бақылау инспекторы да құтылардың тығыз жабылғанын және төңкерген кезде төгілмейтінін тексеруі туіс.

❖ Әрбір құтыны жабдықтардың жиынтығына кіретін жеке тасымалдау пакетіне салып, тығыз жабылған құтыларды қорапқа салып қойыңыз.

Назар аударыңыз! Сынамаалупроцедурасыбарысында допинг-бақылау инспекторы немесе өзінізден басқа адам сынама құйылған құтылар тығыз жабылғанша, Сіздің жабдықтарыңызға қол тигізуге құқылы емес. Тек Сіздің рұқсатыңызben ғана допинг-бақылау инспекторы немесе Сіздің өкіліңіз сізге допинг-бақылау рәсімін аяқтауға жердемдесе алады.





❖ Допинг-бақылау инспекторы индикаторлы жолақшаның немесе рефрактометр көмегімен несептің салыстырмалы тығыздығын анықтау үшін, несеп қалдығын жылдам тестілеуден өткізеді. Несептің тығыздығы индикаторлы жолақша қолданылған жағдайда кемінде 1,010 немесе рефрактометр қолданылған жағдайда кемінде 1,005 болуы туіс.



Назар аударыңыз! Несептің тығыздығы қажетті нормаға сай келмеген жағдайда, Сізге жуық арада несептің қосымша сынамасын қайта тапсыру қажет болады.





☞ Соңғы 7 күн ішінде ішкен барлық дәрі-дәрмектер мен тағамдық қоспаларды (дәрумендер, тамшылар, бүркуіштер, майлар, өсімдіктерден жасалған емдік құралдар т.с.с.) тізімдеп шығыныз.

☞ Егер Сізге тыйым салынған субстанцияларды емдік мақсатта пайдалануға рұқсат берілген болса (допингке қарсы ұйыммен немесе халықаралық федерациямен), допинг-бақылау инспекторына сол рұқсаттың көширмесін беріп, оны допинг-бақылау хаттамасына енгізу қажет.

☞ Сіз өзініздің сынамаңыз допингке қарсы талдаудан өткен соң, оны допинг пен күресудің жаңа әдістерін әзірлеу мақсатында анонимдік ғылыми зерттеулерде әрі қарай қолдануға беруге келісім бересіз бе? Бұл орайда зертханада Сіздің жеке басынызды ашып көрсететін ешқандай ақпарат жоқ.

☞ Егер сіздің немесе өкіліңіздің допинг-бақылау процедурасына қатысты не тағы басқа айтарыныз болса, оларды допинг-бақылау хаттамасына жаза аласыздар.

☞ Допинг-бақылау хаттамасына жазылған бүкіл ақпаратты тексеріп, міндетті түрде хаттамада көрсетілген сынама нөмірін сынама жиынтығының нөмірімен салыстырып тексеріңіз.





⚡ Допинг-бақылаухваттамасынақолқоюарқылы Сіз төменде атаптандарды растайсыз

- ✓ өзінің берген ақпараттың дұрыс болып табылатынын;
- ✓ жоғарыда көрсетілген ескертулерді ескеріп, сынама алуудың белгіленген сынама алу процедурасына сай жүргізілгенін;
- ✓ зертханалық нәтижелер мен ықтимал санкцияларды қоса, бірақ олармен шектелмей, допинг-бақылауга қатысты бүкіл ақпараттың Бүкілліемдік допингке қарсы кодекске сай тиісті лауазымды тұлғалардың назарына жеткізуі тиіс болып табылатынын;
- ✓ Сіз өз сынамаңыз туралы ақпаратты ADAMS (Допингке қарсы менеджмент және әкімшілендіру жүйесінде) өндөуге келісім беретініңізді.

